

PHILIPS

Портативті
радиоқабылдағыш

1000 сериясы

TAR1659



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына веб-сайтта өніміңізді тіркеп, қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
	Ескертпе	3
2	Сіздің FM/AM радиоңыз	4
	Кіріспе	4
	Қорапта не бар	4
	FM/AM радиосын шолу	4
3	Жұмысты бастау	6
	Батареяларды орнату	6
	Зарядтау индикаторы	6
	Зарядтау әдістері	6
	① USB зарядтау	6
	② Күннен зарядтау	6
	③ Қол генераторымен зарядтау	6
4	FM/AM радиосын тыңдай аласыз	7
	Радио станцияларға баптау	7
	Дыбыс деңгейін реттеу	7
5	Басқа мүмкіндіктер	7
	Жыпылықтағыш жарық	7
	SOS	7
	Телефоныңызды зарядтаңыз	7
6	Өнім туралы ақпарат	8
7	Ақаулықтарды жою	8

Қауіпсіздік

- Осы нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Ешбір желдету саңылауларын бұғаттамаңыз. Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
- Ешбір жылу көздерінің жанында орнатпаңыз мысалы, радиаторлардың, жылытқыштардың, плиталардың немесе жылу тудыратын басқа құрылғылардың (соның ішінде, зорайтқыштардың).
- Бүкіл қызмет көрсетуді білікті қызмет көрсету мамандары орындауы керек. Сервистік қызмет құрылғы қандай да бір жолмен зақымдалғанда, құрылғының ішіне сұйықтық төгілгенде немесе заттар түскенде, құрылғы жаңбырға не ылғалға ұшырағанда, қалыпты түрде жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткен жағдайда қажет болады.
- Батареяны пайдалану бойынша **САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** — Дене жарақатына, мүліктің зақымдалуына немесе портативті радиоқабылдағыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін батарея ағуын болдырмау үшін:
 - Барлық батареяларды дұрыс орнатыңыз, + және - құрылғыда белгіленгендей болуы керек.
 - Ескі және жаңа батареяларды ауыстырмаңыз. Сілтілі, стандартты (көміртек-мырыш) немесе қайта зарядтауға болатын (ni-cad, ni-mh, т.б.) батареяларды араластырмаңыз.
 - Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, батареяларды шығарыңыз.
 - Батарея күн сәулесіне, отқа немесе сол сияқты шамадан тыс қызуға ұшырамауы керек.
 - Қандай да бір батареяны басқа типтегі батареямен ауыстыру қауіпсіздік деңгейін төмендетуі мүмкін;
 - Батареяны отқа немесе ыстық тұмшاپешке лақтыру я болмаса батареяны механикалық жолмен жаншу немесе кесу жарылысқа әкелуі мүмкін;
 - Батареяны күн сәулесі, өрт немесе ыстық беткі қабат сияқты өте жоғары температурада қалдыру жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың не газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Батарея өте төмен ауа қысымына ұшыраса, жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың не газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Батареяның құрамында химиялық заттар бар. Оларды тиісінше тастау керек
- Батарея жұтылды немесе дененің кез келген бөлігінің ішіне салынды деп күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Батареяларды ауыстырғанда әрқашан барлық жаңа және пайдаланылған батареяларды балалардан аулақ ұстаңыз. Батареяны ауыстырудан кейін батареялар бөлімі толығымен қорғалғанына көз жеткізіңіз.
- Батареялар бөлімін толығымен қорғау мүмкін болмаса, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз. Балалардан аулақ ұстаңыз және өндірушіге хабарласыңыз.
- Бұл портативті радиоқабылдағышқа қандай да бір сұйықтықтың тамшылауына не шашырауына жол беруге болмайды.
- Портативті радиоқабылдағышқа ешбір қауіп көзін қоймаңыз (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жанып тұрған шамдар).
- Құрылғыңызда кірістірілген литий батареялары бар екенін ескеріңіз. Литий батареяларының зарядтау сыйымдылығы олардың өздігінен зарядсыздану сипатына байланысты уақыт өте азаяды. Құрылғы батареясы ұзақ қызмет етуі үшін **құрылғы пайдаланылмаған кезде, кірістірілген литий батареясын әр 6 ай сайын шамамен 50 %-ға дейін зарядтауды ұсынамыз.**

Ескертпе

Бұл өнім Еуропалық қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай. Осымен, TP Vision Europe B.V. компаниясы бұл өнімнің RED Directive 2014/53/EU және Ұлыбританияның SI 2017 №1206 Радиожабдықтар туралы регламентінің негізгі талаптарына және басқа да қатысты шарттарына сай екенін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде табуға болады.



Бұл өнім Еуропалық қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен компоненттерден әзірленген.




Бұл таңба бұл өнімді тұрмыстық қоқыс ретінде тастауға болмайтынын және тиісті жинау орнына қайта өңделу үшін жіберілуі керектігін білдіреді. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен қайта зарядталатын батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге ешқашан қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.



Бұл таңба өнімде (EU) 2023/1542 Еуропалық регламентпен қамтылған батареялардың бар екенін білдіреді, оларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Электрлік және электронды өнімдер мен батареяларды жинайтын жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы біліңіз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды жергілікті бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Интеграцияланған батареяларды шығару. Интеграцияланған батареяны шығармас бұрын өнімнің қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



Тек иллюстрациялық мақсаттарға арналған

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш пайдаланылмады. Жүйеңіз арнайы компания бөлшектесе, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз. Батареяны отқа немесе ыстық тұмшапешке лақтыру я болмаса батареяны механикалық жолмен жаншу немесе кесу жарылысқа әкелуі мүмкін;

2 Сіздің FM/AM радионыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/support бетінде тіркеңіз.

Кіріспе




Бұл FM/AM радиосымен сіз келесілерді орындай аласыз:

- FM/AM радиосын тыңдай аласыз
- мобильді құрылғыңызды USB кабелімен зарядтаңыз
- жарықтандыру үшін жарықшамды қолданыңыз
- төтенше жағдайда көмек сұрау үшін SOS түймесін басыңыз

Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және идентификациялаңыз:

- Негізгі блок
- Қысқаша бастау нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы
- Кепілдік картасы
- USB Type-C кабелі
- Қол бауы



FM/AM радиосын шолу

① Телескопиялық антенна

- FM/AM сигналының қабылдануын жақсартады.

② Tune индикаторы

- Радио сигналы алынған кезде қызыл шам жанады.

③ Charge индикаторы

- Өнім күн панелі / қол генераторы / USB арқылы зарядталып жатқанда индикатор жанады.
- Батарея заряды аз болғанда индикатор жылдам жыпылықтайды.
- Батарея толық зарядталып болғаннан кейін индикатор өшеді.

④ Tuning

- FM/AM режимінде станцияны дәл баптайды.

⑤ Volume


- Дыбыс деңгейін реттейді.

⑥ Жолақ ауыстырып-қосқышы

- FM / AM жолағын таңдаңыз.

⑦ Функция ауыстырып-қосқышы

- OFF / CHG. OUT / Li-ion Battery / AAA.



⑧ Жыпылықтағыш жарық


- Жарық пен жарқыл туралы ескерту бар

⑨

- Жарықшамды қосу/өшіру үшін басыңыз.

⑩

- SOS режимдері арасында ауысу үшін басыңыз:
 - Сирена (дабыл дыбысы)
 - Жыпылықтағыш жарық
 - Сирена + жыпылықтағыш жарық
 - Өшірулі




⑪ DC IN ұясы

- Құрылғыны зарядтау мақсатында қуат көзіне қосылу үшін TYPE-C USB кабелін пайдаланыңыз.

⑫ CHARGE OUT ұясы

- Қандай да бір сыртқы құрылғыны зарядтау үшін USB кабелін қолданыңыз.




⑬ Батарея Бөлімі

- 3 AAA батареясын орнатыңыз (жинаққа кірмейді)

⑭ Қол генераторы

- Кірістірілген литий-ионды батареяны зарядтау үшін айналдырыңыз.



3 Жұмысты бастау

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.


Батареяларды орнату



Сақтық ескерту


- Жарылыс қаупі! Батареяларды ыстықтан, күн сәулесінен және оттан алшақ ұстаңыз. Батареяларды ешқашан отқа тастамаңыз.
- Батареялардың құрамында химиялық заттар бар, сондықтан оларды қоқысқа тиісінше тастау керек.
- Батарея түрлерін араластырмаңыз: мысалы, сілтілі батареяны көміртектегі мырыш батареясымен. Жиінек үшін тек бір типті батареяларды пайдаланыңыз.

3 AAA батареясын (жинаққа кірмейді) суретте көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз. AAA батареяларында радионың ойнау уақыты 50 % дыбыс көлемінде 12 сағатқа дейін.



Зарядтау индикаторы

Батарея күйі	Зарядтау индикаторы
Батарея деңгейі төмен	Жасыл түспен жылдам жыпылықтайды
Зарядталуда	Біркелкі жасыл түс
Толық зарядталды	Өшірулі




Зарядтау әдістері

Құрылғыда қайта зарядтауға болатын кірістірілген батарея бар, оны FM/AM радиосын бірінші рет пайдаланбас бұрын зарядтап алу керек.

① USB зарядтау

Құрылғы брге берілген USB кабелі арқылы қуат көзіне қосылған кезде литий-ионды батарея автоматты түрде зарядталады. USB арқылы толықтай зарядтау 3,5 сағатты алады. Литий-ионды батареяда радионы ойнату уақыты: 50 % дыбыс көлемінде 32 сағатқа дейін.



Қамтылмайды




Ескертпе

- Төтенше жағдайда тек күннен зарядтау функциясы мен қол генераторын пайдаланыңыз.

② Күннен зарядтау

Құрылғыны күнге қойыңыз, күннен зарядтау басталады және зарядтау индикаторы жасыл түске енеді. Зарядтау кезінде күн панелін жаппаңыз.




Ескертпе

- Күн сәулесінің жарық деңгейі: 1.000 Вт/м².
- Күн қуатында радионың ойнау уақыты: Күн сәулесінің жарығы 60.000 люкстен жоғары болғанда, 60 минуттық зарядтау жағдайында қысқынды дыбыс көлемінде өнімнің 30 минутқа дейін ойнату уақыты болады.

③ Қол генераторымен зарядтау

Қайта зарядтауға болатын кірістірілген батареяны қол генераторын бұрау арқылы зарядтауға болады. Зарядтау индикаторы жасыл түске енеді.



Ескертпе

- Номиналды шығыс қуатының жылдамдығы: Қуат генераторы: 3.000 айн/мин±50 айн/мин; Қол генераторы: 120 айн/мин
- Қол генераторының қуатында радионы ойнату уақыты: Қол генераторын 120 айн/мин айналу жылдамдығымен 25 минуттық зарядтау уақытында қысқынды дыбыс көлемінде шамамен 60 минут. (айн/мин: бір минуттағы айналымдар саны)

4 FM/AM радиосын тыңдай аласыз



Ескертпе

- Радио кедергілерін болдырмау үшін FM/AM радиоқабылдағышын басқа электрондық құрылғылардан алшақ ұстаңыз.
- Радио сигналы жақсырақ қабылдануы үшін, антеннаны толығымен ұзартып, орналасу күйін реттеңіз.

Радио станцияларға баптау

- 1 Радионы қосу үшін функция ауыстырып-қосқышын **Li-ion Battery** немесе **AAA** күйіне сырғытыңыз.
- 2 **FM/AM** жолағын таңдау үшін диапазон ауыстырғышын сырғытыңыз.
- 3 FM/AM жиілігін таңдау үшін **Tuning** тұтқасын бұраңыз.
FM жиілігі: 87,5-108 МГц
AM жиілігі: 520-1.710 КГц
- 4 Баптау индикаторы (қызыл) анық естілетін радио арна қабылданғанда жанады.
- 5 Радионы өшіру үшін, функция ауыстырып-қосқышын **OFF** күйіне сырғытыңыз.


Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу үшін **Volume** тұтқасын бұраңыз.

5 Басқа мүмкіндіктер

Жыпылықтағыш жарық

Жарықшамды қосу үшін бүйірдегі  түймесін басыңыз. Оны өшіру үшін қайтадан басыңыз.



SOS

SOS қосу және әртүрлі режимдер арасында ауысу үшін  түймесін басыңыз:

Режим 1: Сирена


Режим 2: Жыпылықтайтын жарық

Режим 3: Сирена + жыпылықтайтын жарық

Режим 4: ӨШІРУЛІ

Телефоныңызды зарядтаңыз

- 1 Функция ауыстырып-қосқышын **CHG OUT** күйіне сырғытыңыз.
- 2 USB резеңке қақпағын ашып, ұялы телефоныңызды бірге берілген USB-C кабелі арқылы өнімге қосыңыз.



6 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Қуат

Батарея түрі	AAA өлшемі (LR3) (жинаққа кірмейді)
Батарея кернеуі	1,5 V
Батареялардың саны	3
Қайта зарядтауға болатын батарея	18650 2.000 мАсағ
Батарея кернеуі	3,7 V
Батарея сыйымдылығы	2.000 мАсағ
Батареялардың саны	1

Тюнер/қабылдау/тасымалдау

Тюнер диапазондары	FM 87,5 - 108 МГц AM 520 - 1.710 КГц
--------------------	---

Жұмыс ортасы

Биіктік	5.000 м
Жұмыс температурасы	0-45 °C

Дыбыс

Дыбыс жүйесі	Моно
Дыбыс реттегіші	Айналмалы (баламалы)
Шығыс қуат	1 Вт

Жалпы ақпарат

Өлшемдері (Е x Б x Д)	150 x 90 x 68 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	390 г

7 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдікті жарамды күйде ұстау үшін өнімді ешқашан өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Осы құрылғыны пайдалану кезінде мәселелер орын алса, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының маңайда болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмірдің қолжетімді болуын қамтамасыз етіңіз.

Дыбыс/қуат жоқ

- Дыбыс деңгейі реттелмеген. Дыбыс ДЕНГЕЙІН РЕТТЕУ.
- Батареялар разрядталған/ дұрыс салынбаған. (Жаңа) бетерейларды дұрыс салыңыз
- Қайта зарядтауға болатын литий-ионды батарея
- Жаңа батареяларды салған кезде, ескі батареяларды жаңа батареялармен араластыруға тырыспаңыз.
- Егер жинақ ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяларды алып тастаңыз. Батареялардың құрамында химиялық заттар бар, сондықтан оларды қоқысқа тиісінше тастау керек.
- Құрылғыңызда кірістірілген литий батареялары бар екенін ескеріңіз. Литий батареяларының зарядтау сыйымдылығы олардың өздігінен разрядталу сипатына байланысты уақыт өте келе азаяды. Құрылғы батареясы ұзақ қызмет етуі үшін **құрылғы пайдаланылмаған кезде, кірістірілген литий батареясын әр 6 ай сайын шамамен 50 %-ға дейін зарядтауды ұсынамыз.**

Радио қабылдауы нашар

- FM диапазонында радио қабылдауы жақсы болуы үшін телескопиялық антеннаны созыңыз, еңкейтеңіз және бұраңыз. Егер сигнал тым күшті болса, оның ұзындығын қысқартыңыз.
- AM диапазонында жинақта кірістірілген антенна қолданылады. Ең жақсы радио қабылдауы үшін бұл антеннаны бүкіл жинақты айналдыру арқылы бағыттаңыз.



2025 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгеруі мүмкін.
Philips және Philips Shield Emblem Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның аффилиаттарының бірі өндірген және солардың жауапкершілігі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

Модель: TAR1659/00_UM_V1.0

